

ЗОРАСТРИЗМДІК СЕНІМ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БҮГІНГІ КҮНГІ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ

Ж. Мырзабеков

АҢДАТПА

Бұл мақалада діни сенім элементтерінің сақталуы және сарқыншақтарының қазіргі таңда салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарға айналғандығы туралы айтыла келе, Зороастризм сенімін негізгі алған көріністері баяндалды. Атап айтқанда, жақсылық пен жамандық туралы ырым-тиымдардың Авестадағы Ахура-Мазда мен Анхра Майньюдың күресіне байланысты туындағандығы туралы, ала жіппен өрілген тұсау кесу дәстүрінің де әлемдегі осы қарама-қайшылыққа байланысты екендігі, оның «өлі мен тірінің айтысында» да көрініс табатындығы, «Қындық-Сандық» деп аталатын ойының да осы мотивке қатысты екендігі туралы болжамдар ұсынылып, Зороастризмдегі отқа табыну сенімінің дәстүрлерде «Отты үрлеп өшірме», «Күлді баспа», «Отты, күлді шашпа», «Отпен ойнама, оттан аттама, отқа түкірме» деген сияқты тиымдар мен отпен аластау, отқа май құю сияқты элементтермен де сәйкес келетіндігі, шоқ алып келу үрдісінің де оған қатысты болатындығы, жаңа түскен келіннің отқа май құю салты, отпен немесе түтінмен аластау, шам-шырақтар жағу және «отағасы», «түтін түтету» т.б. ұғымдардың да осыған байланысты екендігі баяндалды. Сондай-ақ, бүгінгі наурыз мерекесі мен ондағы салттардың орындалуы да осы көне Зороастризмдік сенім дәстүрлері екендігі туралы тұжырымдар тиянақталды.

Түйін сөздер: зороастризм, салт-дәстүр, элементтер, сенім, ырымдар, қазіргі заман.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Мырзабеков Ж.Е.,
jambui_78@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Мырзабеков Ж.
Зороастризмдік сенім элементтерінің бүгінгі күнгі халқымыздың салт-дәстүріндегі көріністері // Адам әлемі. – 2024. – № 3 (101). – Б. 173-183.

Проявления элементов зороастрийской веры в современных обычаях и традициях нашего народа

Аннотация. В данной статье наряду с существующими элементами религиозных верований, которые отчасти принимаются уже как обычаи и традиции, рассматриваются и описания основных проявлений зороастризма. В частности обряды добра и зла, зародившиеся в Авесте, в связи с борьбой Ахура-Мазды и Анхра Майнью и в подтверждение этому приведена традиция обрезания пут, помимо прочего увязана созвучная этому мотиву игра «Қындық-Сандық» и соответственно в традициях зороастризма приведено такое понятие, как поклонение огню: «Не гаси огонь задувая», «Не наступай на пепел», «Не разбрасывай огонь и пепел», «Не играй с огнем», «Не переступай огонь, не плюй на огонь», и др.

Наряду с этим, увязывается празднование Наурыза и соблюдение традиций ныне и так же в традициях зороастрийской веры, о чем приведены имеющиеся выкладки.

Ключевые слова: зороастризм, обычаи, элементы, вера, суеверие, современность.

Manifestations of Elements of the Zoroastrian Faith in Today's Customs and Traditions of our People

Abstract. In this article, along with the existing elements of religious beliefs, which are partly accepted already as customs and traditions, descriptions of the main manifestations of

Zoroastrianism are also considered. In particular, the rites of good and evil that originated in the Avesta, in connection with the struggle of Ahura Mazda and Ankhra Mainyu, and in support of this, the tradition of circumcision of the fetters is given, among other things, the game «Kyndyk-Sandyk», consonant with this motive, is also linked, and, accordingly, in the traditions of Zoroastrianism such a concept as fire worship is given: «Do not extinguish the fire by blowing out», «Do not step on the ashes», «Do not scatter fire and ashes», «Do not play with fire», «Do not cross the fire, do not spit on the fire», etc. Along with this, the celebration of Nauruz and the observance of traditions are linked now and also in the traditions of the Zoroastrian faith, as the available calculations are given.

Key words: Zoroastrianism, Customs, Elements, Faith, Superstition, Modernity.

Kіpіcne

Алғашқы қауымдық дәуірден бастау алған бастапқы сенімдер деп аталған нанымдар бірте-бірте жүйеленіп, олардың кейбір элементтері жетіліп, діни сенім формасына, кейіннен, діндерге қарай ойысқан. Түркі даласында көптеген діни сенімдердің болғандығын дәлелдеп жатудың өзі артық. Олар: зорастрим, тәңіршілдік пен шаманизм сияқты тылсым күшке сенген көнеден келе жатқан нанымның түрлері болып табылады.

Тарихи деректер мен қазіргі қазақ даласындағы ескерткіштер, рухани мұралар, аңыздар мен ертегілер т.б. сан алуан түрлі оқиғалармен бейнеленді және одан біз бір ғана емес, көптүрлі сенімдердің элементтерін байқай аламыз. Дегенмен, бұл тұстағы ең басты мәселелердің бірі – ол сенімдердің қай кезде пайда болып, ол қазақ сахарасында қай кезде үстемдік еткендігі, қай кезде жойылып кеткендігі сияқты мәселелер. Себебі, біз қарастырып отырған талдаудың өзі осыған байланысты. Бірақ бұл тарихшылар мен мәдениеттанушылардың арнайы зерттеу объектісі болғандықтан, біз олардың шамамен бағдарланған кезеңдерін ғана басшылыққа аламыз.

Ал діни элементтердің дәстүрлердегі сарқыншақ-сақталу-тасымалдану үштігін тізбек ретінде құрастырсақ, заманауи уақыт аясындағы дәстүріміздің эволюциясын сипаттайды. Сарқыншақ – бұрынғы іргелі жағдай, нақты құбылыстың уақыт пен заманның сынына төтеп беруде өзінің өміршеңдігін сақтаған, бірақ болмысы сол кейіптен ауытқыған бүгінгі күнге көшірілген бейнелер болып табылады. Ол кей жағдайда құр форма, ал кей жағдайда тек мазмұн болып сақталады. Ұзақ уақыт жылдар мен адамзаттың, оның ішінде халқымыздың таным-түсініктерінің өзгеруі сол белгілі

бір дәстүрді өзгертуге ұмтылады, сөйтіп бірте-бірте жоюға алып келеді.

Сондықтан сарқыншақтардың өзі жартылай немесе бүтіндей сақталатын сұлбада кездеседі. Белгілі бір салттың не себепті олай істелетіндігі түсініксіз жағдайда қалады, оның ішкі мағынасы ұмытыла бастайды. Еліміз кең болғандықтан, ол салттың элементтері кейбір аймақтарда сақталады, ал кейбір аймақтарда мүлде ұмыт болса, кей жерлерде басқа түрге келіп ойыса алады. Мысалы, наурыз мерекесіндегі «Көрісу» деп аталатын дәстүр отанымыздың батыс аймақтарында сақталған, халық арасында қабылданған құбылыс болса, басқа аймақтарда ол сақталмаған, мүлде жоқ десе де болады. Ендеше, ол аймақ бойынша сарқыншақ болып табылады.

Ал сақталу – тұтастай сол күйінде немесе белгілі бір шарттарының ұмыт болмай бүгінгі күнге дейін келіп жеткені және халықтың қолдауы арқылы дамып та келе жатырған дәстүрлер болып табылады. Яки, заман талабы мен өмір шындығында шыңдалған ғұрыптар қатарынан орын алады. Мысалы, бесбармақ тағамы, біріншіден, физиологиялық қажеттілік екендігі белгілі болса, екіншіден оның орындалуының өзі өз алдына бір дүние. Асты қолмен жеу, кей кездері еуропалық тазалық пен гигиенаға байланысты тиым салынғанмен, бүгінгі күнге дейін көп жерлерде сақталып отыр. Біздіңше, еуропалық бұндай стандарттар өмір шындығына кей сәттерде сәйкес келмей жатады, сондықтан, оның өзі күмәнді.

Әдіснама

Құрылымдық-функционалдық талдау, герменевтика, феноменология әдістері мен жалпылау мен нақтылау, тарихилық пен логикалық және психоанализ әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Зорастрим сенімінің қашан, қай жерде пайда болғандығы туралы мағлұмат жөнінде ғалымдар бір тоқтамға келген жоқ. Соңдықтан, оны б.з.б. 6-7 ғасырларда Еділ бойында өмір сүрген Зоратустра атты пайғамбар негізін салған десе, енді бір көзқарастар бойынша ол еліміздің оңтүстігінде, тіпті қазіргі иран жерінде осыдан 3 мың жылдай бұрын пайда болған деген болжамдар ұсынады. Бірақ бұл тарихи деректерді қажет ететін ғылыми дәйектеме болуы тиіс. Қысқасы, біз үшін бұндағы маңызды мәселе, Зорастрим сенімінің қазіргі қазақ даласына таралып, оны түркі халықтары да қабылдап, бүгінгі күнге дейін кейбір сарқыншақтарының сақталып қалып, біздің ұлттық дәстүрімізден көрініс тауып отыруы болып тұр.

«Авеста» кітабын негізге алатын Зорастрим сеніміндегі басты идеялардың бірі: ізгілік рухы – Ахура Мазда мен зұлымдық рухы – Анхра-Майньюдің мәңгілік күресі, тайталасы және соңында ізгілік рухының жеңгендей сыңай танытуы. Бұл – тек қазақ халқының дәстүрінде ғана емес, жалпыадамзаттық мәдениет пен өркениеттің дамуына айтарлықтай ықпал еткен идея болып табылатындығын қазіргі ғылыми қауымдастық ұсынып жүр. Мәдениеттанушы Т.Ғабитовтың пікірінше де, екі рухтың күресі алғаш рет жалпыадамзаттың зұлымдық пен ізгілікті ажырату жөніндегі дихотомиясын белгілеп берген, екеуін бір-біріне қарсы қойған осы идея болып табылмақ [1, 74 б.].

Бұдан дүниежүзі халықтарына тән ертегілердің түп мазмұнының көпшілігі сусындап, олар тек ізгілік пен зұлымдық күресі арқылы өрбіп, нәтижесі ізгіліктің аяқталуымен көрініс тауып отырды. Сәйкесінше, қазақ ертігілері де осы фабуланы негізге алды. Осыдан халқымыздың түсінігінде, жамандықтың өзі бірнеше атаулармен жабдықталады: жауыз, сұм, қара ниетті, опасыз, оңбаған т.б. және ізгіліктің өзі барлық жақсы сапаларды біріктірген: әділ, салауатты, сypпайы, адамгершілік, бейкүнәлік, т.б.

Зорастримнің түркі-қазақ салтындағы, өнеріндегі эстетикалық танымға

ауысқан көрінісін Б.М. Аташ былайша таразылайды: «Мәселен, халқымызда жиі қолданылатын және өздігінше қастерлі саналатын – ала арқан (ақ пен қара тіннің кезектесіп өрілген түрі) әлемдегі күн мен түн, жақсылық пен жамандық, әйел мен ер, аспан мен жер сияқты барлық жұптарды бейнелеп, қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңын ниеттейтіндігін философ ғалымдарымыз атап көрсетіп жүр. Себебі, ақ пен қара тін бір-бірінен ажырап кетпейді, кезектесіп келіп отырады, бірін-бірі толықтырады және бір-бірі арқылы құрасады. Бірақ бұны түпкілікті бітіспес қарама-қарсылық ретінде түсінбеу керек, себебі, тәңіршілдік сенімінде әлем бірлікте, тұтастықтан құралады. Бұл арқан тұсау кесу дәстүрінде кездеседі, «біреудің ала жібін аттамау» деген әділеттілік қағидасында қамтылады» [2, 55 б.].

Демек, бұл да көне ізгілік пен зұлымдық рух қайшылығының ұмытылмастай болып өнерге көшірілген түрі. Бірақ көп жағдайда осы ала жіптің өзі тек сәндік пен қолданбалылығы үшін ғана емес, қастерлі саналады, тұсау кесу сәтінде де осы ала жіп пайдаланылды. Мүмкін, ол жоғарыда айтылғандай, бүкіл әлемдік ырғақты реттеп тұратын философиялық мағынасын халқымыз толық түйсінгендіктен шығар.

Шындығында да, ол тек қоғамдағы жамандық пен жақсылықты ғана емес, бір-бірімен алмасып тұратын екі қайшылықты да білдірген. Егер екі рухтың күресі мәңгілік болатын болса, табиғат ырғақтары да сондай мәңгілікке келіп тіреледі. Мәселен, күн мен түннің ауысу мәңгілігі. Осыдан, қазақтың дәстүрінің көпшілігі жақсылықты тілеу мен жамандықтан аулақ болуға келіп тірелген. Этикаға негізделген салттар мен ырымдардың барлығы жамандықты қашыру, аулақтату, үркіту мен мүлде болмауын тілеу және керісінше тек, жақсылықтың үстемдігінің орнауы, үнемі-үздіксіз сақталуы, белең алуы, мәңгілікке ұласуы сияқты ниеттердің тұтастандырылған жиынтығынан құралады. Бұл әсіресе, ырымдардың негізгі түп мазмұны, бәріне ортақ жалпы идея.

Сондықтан да, ырымдар «жа-

ман ырым» және «жақсы ырым» деп тек екіге бөлінеді, басқа тұрғыдан қарастырылмайды деуімізге болады. Сәйкесінше тиымдардың барлығы, егер ол тиым салынбаса «жамандық шақыру» болып белгіленген. Демек, тиым салынған нәрсені жасамау керек, бәрінің себебі біреу – «жаман болады».

Олардың қайсібірінің логикасы түсініксіздеу болса, кейбірі бұлыңғырлау, кейбірі барынша айқын күйінде жеткен. Мәселен, «Топырақты үйме» деген тиымның мағынасы түсінікті, ол мәйітті жерлеу сәтінде қолданылатын құбылыс, жерлеумен, өліммен, қаралы үймен психологиялық ассоциация береді. Топырақты үйіп бала ойнайды, үлкендер оларға тиым салады, ал қарттар қатты үреймен қабылдайды. Демек, ол өлім үрейін туғызатын жаман ырым, олай жасауға болмайды. Ал «Қалың киімнің жағасын баспа» деген тиым да құрметтеушілік пен этикеттің жинақталған көрінісі екендігі жалпылама тұрғыдан алғанда түсінікті. «Киіз үйге тамақ шайнап кіруге болмайды» деген тиымның мағынасы түсініксіздеу. Халық дәстүрі киіз үйге байланысты барынша қатаң этикеттік талаптарды қалыптастырған. Бұл тиым бойынша үй иесі біреудің тамақ шайнап үйге кіріп келе жатқанын байқаса, қайткен күнде тамақ дайындап, ол адам ауыз тиюі тиіс.

Демек, ізгілік пен зұлымдық қатаң жіктеліп, оларды шақыратын адамның өзі деген түсінікке келіп саятын ырымдар мен тиымдар да, байырғы көне түсінік, зорастримдік ықпал таралып, оның түркі даласында дамуы, кейіннен қазақ халқында тиянақталып, жүйеленіп, қысқартылып берілуі – осындай жаман мен жақсы туралы тұтас дүниетаным философиясы мен психологиясын жасап берді деп тұжырымдай аламыз.

Жоғарыда айтылған тұсау кесу дәстүрі кей сәттерде үш мәрте кесіледі және ерекше бір салтанатпен атап өтіледі. Онда, ала жіп таңдалып алынады, осы жіп өмірге аттандырудың, талап пен тілектің нышаны, еркіндік пен азаттықтың ниеті болып табылады. Бірақ бұл дәстүрді таза осындай діннің сарқыншағы деп айтудың өзі қиындау.

Себебі, тұсау кезінде кей жағдайларда, тұсаудың жібінің орнына көк шөптен өрілген жасанды жіп сияқты материалдар да пайдаланылады. Бұл көк шөптей қаулап өс деген ниетті білдіретін сыңайлы. Ендеше, Көк шөптәңіршілдіктің сарқыншағы болуы ықтимал. Демек, егер бұл әрекет шындығында да осы діндерге жатқызылатын қосынды болса, бұл тұста, зорастрим мен тәңіршілдіктің кіріккен тұстарын да байқай аламыз.

Анимистік сенімнің сарқыншақтарының бірі және Зорастримдік Ахура-Мазда мен Анхра-Майнюдың күресі қазақ дәстүрінде сақталған, бірақ бүгінгі күні аса көп кездесе қоймайтын салттардың, әрі өнердің бір түрі болып саналатын – «Өлі мен тірінің айтысы». Бұнда да негізгі идея жамандық пен жақсылық болып табылады. Бұл айтыстың жүру бағыты туралы былайша сипатталады: «Кешке таяу, күн батар шақта ортаға екі ақын шығарылады. Бұл айтыскерлердің бірі жақсылықты дәріптесе, келесісі жамандықты жырлайды. Бұл да тепе-теңдік ұғымына саяды. Жақсылық пен жамандық бір деген ұғымның келер жылы қайсысы басым болатынын айқындау айтысы болмақ. «Өлі мен тірі айтысы» - Жақсылық пен Жамандық, Суық пен Жылылық, Қыс пен жаз, Байлық пен кедейлік, Ауру мен Саулық сияқты кері түсінік жайттар турасындағы айтыс. Айтыс шарты бойынша Күн бата өлі жеңіліп, жоғарыдағы жағымсыз кейіпкерлер қашады. Бұл келер жылы жақсылық болады дегенге саяды» [3, 30 б.].

Бірақ бұл ойды ұсынушы автор оны Наурыз мерекесінде ойналатын салт деп біледі. Біздіңше, бұл сол жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресінен қалған идея болғандықтан ғана Наурыз мерекесінде ойналатын салтқа айналған, ал түп идеясы сол Зорастримдегі екі рухтың күресін сипаттайды деп айта аламыз. Ойынның шартының өзі қызықты, неліктен түн мезгілі таңдалып алынатыны да ойландырады. Қазақтың танымында түн – зұлымдық, күндіз – жақсылық деген түсінік бар. Осы түн мезгілінде жаңағы зұлымдық оянады, ол ізгілікпен күреске түседі, ақырында таң атпай тұрып ол жеңілуі тиіс болған. Демек, ізгілік түндегі

зұлымдықпен айқасады, оны таң атқанға дейінгі қысқа уақытта жеңіп шығуы тиіс, одан зұлым бейнелер қашып, жоқ болып кетуі қажет. Сөйтіп ізгілік пен жақсылық салтанат құруы тиіс болған ой ниетінің жатқандығын тануымызға болады.

Ал оның анимистік қыры анығырақ, мысалы, осы тұста көне Мысырдағы «Өлілер кітабы» туралы философиялық толғанысты еске түсіруімізге болады. Бұнда таза өлілер мен тірілер әлемі туралы сұхбаттар бар. Ал қазақтарда ол Жер асты патшалығы ретінде ертегілерде анық байқалады. Бірақ, бұл өлі мен тірінің айтысында зұлымдық мүлде жоқ болып кетпейді, айтыс басталса, ол қайтадан шығуы да мүмкін. Себебі, нақ өмірдің өзі солай, бұл өмірдің өзінен алынған философиялық мәселе болып тұрғандығына көз жеткізе аламыз. Бірақ ең бастысы адал ниет, жақсылықтың үстемдік құруы туралы идея жатыр. Бұл дәстүр мен осындай айтыс кей жерлерде сарқыншақтары сақталып қалған болмаса, бүгінгі күні кездеспейді десе де болады.

Зорастримдегі осындай қарама-қайшылықтар әлемі туралы сенім халқымызда көп жылдардан бері сақталған үрдіс болғандықтан, ол ұлттық ойындарымыздан да елес беріп отырған сыңайлы. Мысалы, жаяу тартыс деп аталатын ойында, қолтығының астынан өткізіп, мойнына арқан байлаған екі жігіт екі қарама-қарсы жаққа қарай тартқылайды, кім өзінің жағына көбірек тартса сол жеңіске жетеді деп саналады.

Бұл жерде осы ойынды зорастрим белгісі деп санауымыздың негіздері, біріншіден, бұнда да екі қарама-қарсы жақтың тайталасы белгіленген, екіншіден, жоғарыда ала арқанға байланысты атап өтілген күрестің елесі бар, үшіншіден, ойынға көп адам емес, тек екі адам ғана қатынасады. Бұнда әрине жақсылық пен жамандық ажырамаған, себебі, ойын болған соң оларды ажыратып көрсету де маңызды емес.

Бұл ойындағы екі жақ – жалпы өмірдегі кез-келген қарсы нәрселердің күресі болып та жинақталады және көркемделуі тиіс болғандықтан өзгертіле береді. Демек, бұл тартыс өмірлік тартыс, зорастримдегі екі рухтың тартысынның

жалпы шағын ойынға көшірілген нұсқасын білдіретін сыңайлы. Сондай-ақ бұл ойынның екінші бір нұсқасы немесе осыған ұқсас болып келетін «Қындық-Сандық» деп аталған ойында да екі жақты тартыс байқалады. Бірақ олар арқансыз, арқаларын бір-біріне түйістіріп тұрған күйі бірін-бірі жерден көтеріп алуы тиіс болып құрылады. Демек, бұнда да екеудің тартысы алдымыздан шығады.

Осы жер асты патшалығы туралы көне зорастрлық-тәңірлік сенімдерге қатысты халқымыздағы көне елестердің сақталған үрі ертегілермен қатар, ұлттық ойындырымыздан анық байқалады. Біздің ұлттық ойындарымыздың көзін байлау әрекеті мен оның сол күйіндегі қимылдары осы қараңғылық пен о дүниелік өмірдің елесін береді. Мысалы, «Дауыста, атыңды айтам» деген ойында көзі байлаулы ойыншы, айналасындағыларға таяғын ұсынып, оның атын сұрайды, көзі ашық ойыншы өзінің атын көзі байлаулы ойыншы біліп қоймас үшін басқа дауыспен өзгертіп айтуы тиіс, оның атын дұрыс тапса, сол ойыншының да көзі байланады. Бұл бір қарағанда қарапайым ғана ойын. Бірақ көзінің мазмұны болмаса да, сол баяғы сенімдердің сарқыншағы ғана болуы ықтимал деп айта аламыз. Себебі, ұлттық ойындарда сол діни сенім немесе дәстүр дәл сол күйінде берілуге тиісті де емес, ол көркемделіп, ыңғайланып, қызықты болып шығуы ғана көзделеді, ал түпкі идея сақталып қалады.

Таза зорастримге қатысты ырым-тиымдардың бірі – отқа қатысты айтылатын табулар мен ғұрыптар. Себебі, отқа табыну дәстүрі осы сенімнің негізгі көрсеткіштерінің бірі. От адамзат мәдениетіндегі өркениеттік секірістердің бірі десек те болады. Сондықтан, философияда ғалымдар өркениеттің бастауын осы оттың ойлап табылған кезеңіне балайды. Грек аңыздарындағы «от ұстаған Прометей», Үндідегі Агни құдайы (Огонь) да осы оттың қасиетін арттыру үшін сақталып келе жатырған аңыз. Себебі, от бүкіл шикізатты өңдеу өндірісі, тамақ өнеркәсібінің дамуының тетігіне айналды. Сондықтан қазақ дәстүріндегі

отқа қатысты ырымдардың барлығы осы зорастрим сенімінің сарқыншағы деп айта аламыз: «Отты үрлеп өшірме», «Күлді баспа», «Отты, күлді шашпа», «Отпен ойнама, оттан аттама, отқа түкірме» деген сияқты тиымдар мен отпен аластау, отқа май құю сияқты элементтер т.б. Отты үрлеп өшіру – отбасының (оттың басы) күйреуіне ықпал етеді, қазан-ошақтың жалғаспауына септігін тигізеді деп түсінген халқымыз, оттың маздап жануын қалайды.

Бағзы замандарда, адамзат отты тұтатуды білмеген кезеңде, оттың көзі найзағай түсіп, жанып жатқан алаңдар болғанға ұқсайды. Ол жерден от алу, сол отты келесі қажеттілікке дейін өшірмей сақтауды керек етті. Ол өт өшсе, оның көзін қайтадан табу қиынға соқты. Қазақ даласында да «шоқ алып келу» дәстүрі болған, ол көршілерінің ошағынан от тұтатып алу үшін қолданылатын салттан гөрі тіршілік ету қамына жақын әрекет. Бұл да сол оттың жетіспеушілігінен пайда болған үдеріс деп айта аламыз. Бүгінгі күні де асығыс адамға «отыр, от ала келдің бе» деп басу айтады, демек, от ала келген, от тасымалдаушы адам оның өшіп қалмауы үшін асығыс жүрген, бұл сөз осы асығыстықтан қалған болуы ықтимал.

Отқа қатысты дәстүрлердің бірі – жаңа түскен келіннің отқа май құю дәстүрі, бұл бүгінгі күні жаппай етек алмаса да, кей жерлерде сиректеу де болса, кездесіп қалып жүрген құбылыс. Мағынасы, келін сол үйдің ошағын, отын, тіршілік көзін сөндірмесін, керісінше, маздатып жандырсын, жалғастыратын болсын деген ниеттен туған.

Отты маздататын, лаулататын май келінге беріледі, ол ошақтағы отқа сол майды құяды. Демек, «от» – тек құрал ғана емес, тіршіліктің белгісі, өмірдің қайнаған тұсы мен қарбалас-таусылмас қозғалыс пен ғұмыр кешудің сәті ретінде түсінілген. Келін, енді сол үйдің, түскен шаңырақтың тілегі мен тіршілігін әрі қарай жалғастыруға міндеттеледі. Бұл бастапқыда өте қастерлі ырым болған болуы ықтимал, кейіннен солғын-данып, сакральділігі төмендеп, таза өмірмәнділік талап болып сақталып қалған тәрізді. Осы салт кейіннен оттың түтініне маңыз беру-

ге ауысып, «түтінінің түзу ұшсын» деген фразамен «жанұя берекелі болсын» деген мағынаны білдіретін тұспалды-ниетті ойға ұласып кеткен.

Бұл дәстүр кей жағдайда күйеу балаға қатысты да жасалады. Қызды алуға ұрын барған күйеу бала, барлық салттарды орындаған соң, болашақ жарының үйіне кірерде, отқа, аруақтарға, үй иесіне арнап сәлем беретін болған. Одан кейін қыздың жағынан есейген қария ана келіп, оған май ұсынады, күйеу бала оны есіктегі отқа құюы тиіс. Сол сәтте: «Киіз үйдің иесі, жанған оттың иесі, Ұмай-ана разы болсын» деген ізгі тілектер айтылатын болған [4, 87 б.].

Отқа қатысты тағы бір дәстүрдің бірі – отпен аластау. Бұнда от – тазалық пен адалдықтың кепілі, тексеруші цензурасы іспетті. Мәселен, адам адалдыққа ант бергенде, жау жағынан келіп берілгенде, жанып тұрған екі оттың ортасынан өтуі тиіс болған.

Сондай-ақ, үйді немесе белгілі бір алаңды не, жеке адамның ішкі рухани тазаруы үшін де отпен аластайтын болған. Отпен аластау, барлық зиянды және жағымсыз энергияны қуу немесе өртеп жіберу дегенді білдірген сыңайлы. Демек, отпен аластаудың негізгі мазмұны – бүгінгі психология ғылымындағы, зиянды энергия, жағымсыз аура, энергиялық сорушы (энерговампиры) т.б. құбылыстарды объективтендіріп, оны тазарту қажеттілігін ұсынған пікірлерге сәйкес, бұларды өртеп жіберуге ұмтылу, мүлде құтылу, тазалану дегенді білдіреді деп пайымдай аламыз. Егер су – физикалық тазалықтың кепіліне айналып, гигиеналық құралға өтсе, от – психологиялық тазалықтың кепілі ретінде, зұлымдық пиғылды жоюдың физикалық құралына айналған деп айта аламыз. Демек, ол тек физикалық қана емес, рухани тазару мен адамның өзінің рухани тазаруының салты іспетті болып қалыптасқан.

Бұл мәселелер жөнінде салт-дәстүрді зерттеуші Б. Кәмәлашұлы былай деп ой қорытады: «Наурыз мейрамында жүргізілетін сан-салалы салттардың бірі – аластау дәстүрі болмақ. Отты қазақтардың сонау ата-бабалары Сақ,

Ғұн (Күн), Түркілер қастерлеп келгені тарихтан белгілі. Отпен қарапайым тұрмыста да аластау қазақтарда етек алған. Шошынғанды да отпен аластаса, баланың бесігін «шырпы» жағып, аластайтын дәстүр күні бүгін де бар. Осы дәстүр Наурыз мейрамы кезінде де жүргізіледі. Кеш бола екі жерге от жағылады. Адамдар таяқтың басына майлы шүберек орап алып, оны отқа ұстап, жандырып, бәрі: «алас-алас, пәледен қалас», - деп ұшықтап әндетіседі. Бұл дәстүр ел-жұртты пәле-қаладан сақтауға саяды. Және ауыл-аймақ, жеке адамдарды да аластап жатыр деген сөз. Отпен жан-жақты, ауыл маңын аластайтын да салт бар. Жастар от үстінен секіріп, ұшықталып тазарысады. Отпен аластау көне көшпенділер мәдени салты, сенім-нанымы болғандықтан Наурыз меркесінің тойлануы да тым ерте заманнан болса керек» [3, 27 б.].

Қазақ дәстүрінде өткізілетін шілде-ханада да жиналған жұрт бір жағынан баланың күзетшісі болса, екінші жағынан, мерекені, қуанышты жағдайды тойлау үшін жиналады. Бұнда да ауыл ағайындары баланы өздігінше бірнеше күн бойы күзетіп, шам-шырақтар жағатын болған. Бұл шырақтар да отпен қорғанудың бір түрі болып саналатын ырымдар. Бұл дәстүрде шамандық элемент те, зорастримдік сарқыншақ та, кәдімгі тұрмыстық өмірмәнділік адамгершілік салттар да тұтасып барып жинақталған сыңайлы.

Мысалы, халқымыздың салт-дәстүрін зерттеушілеріміз бұл құбылыстың нәрестені бесікке салар сәттегі қолданылу ерекшеліктерін былайша түсіндіріп өтеді: «Бұдан кейін бесік төсеніштерін салып, жастығын орналастырып, жаялықтарын жайып салып, бесіктің іші-сыртын арша, адыраспан түтінімен, отымен және сіріңке шырпысымен от жағып үш рет «алас, алас» деп аластайды...Балалы үйдің бесігін жақсы ырымға жорып «қалап» алатын болған. Бос бесікті аңдасанда аластап қояды» [4, 50 б.].

Немесе, жүкті әйел де өзінің ішіндегі ұрпағын аман-сау сақтап, жақсы босану үшін, одан жаман нәрселер алшақ болуы үшін, арасында өзінің жатар орнын, төсек көрпесін арша түтінімен аластап

тұратын да дәстүр болған, ол бірақ бүгінгі күні ұмыт болған сыңайлы, көп қоданыла бермейтін салт десе де болады.

Бірақ қазақ халқында «отқа табыну» деп атайтындай, аса бір құдыреттілік ретінде сиыну дәстүрі болмаған сияқты. Мәселен, көне Грек ойшылы Гераклит отты құдай ретінде пайымдаған. Ал түркілік дәстүрде, бертінгі қазақ дүниетанымында от құдай емес, бірақ өмірмәнділік киелі құрал есебінде қолданылған, оттан тылсым күш ретінде қорықпаған, тек өрттің қаупінен сескенген. Мәселен, халқымызда «От пен су - тілсіз жау» деген мәтел бар, егер от пен суды құдайландырып жіберсе, оны тілсіз жау деп атамас еді. Табиғаттағы өмірлік тәжірибе, шындығында да, от пен судың тілсіз жау екендігін дәлелдеп берген. Ол тек сол кез үшін ғана емес, бүгінгі қарыштаған өркениет заманында да солай. 2012 жылғы Жапониядағы апат, басқа да тасқындар судың тілсіз жау екендігін тағы да қайталап есімізге түсіріп берсе, атқылап жатқан вулкандар оттың қаншалықты дәрежеде, күтпеген жерден және тез тарайтын «тілсіздігін» паш етіп тұрғандай.

Отқа қатысты дәстүрлердің бірі үй иесін «от ағасы» деп атау, жанұяны «отбасы» деп белгілеу, кей кездерде «от иесі» деп анықтау т.б. Отағасы үйдің иесі ер адам ретінде құрметтелген, яғни, үйдегі оттың иесі, ағасы, негізі деген ниеттерден туса керек. Осы мәселені әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді зерттеушілеріміз де былайша тиянақтап өтеді: «Отағасы деп үй иесі, шаңырақ иесі, отбасы, үй қожасы, жанұя бастығы тағы басқадай атала береді. Негізінен үй иесі еркек адам. Ал от иесі деп кей жерлерде әйел адамдарды да атай береді. Ерте кезде ақсақал, тайпа, ауыл басыларын да «отағасы» деп атап келген. Кейде бейсауыт келген таныс та, таныс емес адамдарды да «отағасы қайдан келесін» деп жатады... Отағасы қадым заманнан бері қарай қазақ елінде қалыптасқан. Ол шаңырақ иесінен де бұрын болған. Алғашқы қауымдасу заманында от пайда болып, от басына жиналған «берекелесу», топтасу, қауымдасу тобын «от ағасы» билеп басшылық етсе керек. От киелі, олай бол-

са, отағасының да өзіндік жауапкершілігі, қасиеті болуға тиіс. Ол өзгеге үлгі көрсете алуы шарт болмақ» [4, 37 б.].

Демек, қазіргі жанұяның басшысы ер адамға қатысты айтылатын «отағасы» сөзі, отты айнала қоршаған немесе оны құрмет тұтып отырған адамдардың қауымдастығының ішіндегі басшының атауы болып, ол кейіннен, әрбір от, яғни, әрбір жанұя құрылғаннан кейін, өзінің жеке отағасын қажет еткен. Сондықтан, әрбір жанұядағы ері отағасы атанған болуы ықтимал. Соңғы кездерге дейін, тіпті бүгінгі күні де жанұяны «түтін» деп атау халқымызда кездесіп қалады.

Бірақ ол көпше түрде, «бір мың түтін», «бес мың түтін» деген сияқты мағынада тұтас бір рулы елді атауға арналады. Осыдан, сол түтін мен от арасындағы байланысты, сайып келгенде, отағасы бас болатын жанұяны білдіргендігін байқау қиын емес. Қазіргі кездегі түтін, отағасы сөздерінде отқақұлдық дәстүрлері жоқ, бірақ сол атаулар сақталып қалған. Демек, отағасы деген атаудың өзі сол көне кездердегі отқа қатысты айтылған, ал «түтін түтету» деген ұғым жанұя құру деген мағынада қолданылып кеткен. Ол түтіннің пайда болуы – шаңырақ астындағы үйді жылыту, тамақ пісіру сәтіндегі күнделікті жағылатын от пен одан шығатын түтіннен туындағандығы күмәнсіз деп айта аламыз.

Отқа қатысты сенімдерді талдаған С. Оспанов оның мағынасын былайша ашып көрсеткен: «Төртіншіден, отқа үстемелеп отын салып жатып, оған еңкейіп тағзым етіп, осы дұға сөздерді күбірлеп айтушы – оттың «жақын досы», отпен сырласушы. Осындай екі достың арасындағы айтылатын сырластық интимдік дұғаны зор дауыспен емес, күбірлеп (достарша сыбырласып) айту – олардың көңіл-күйлерін дәл байыптайтын, соған сәйкес келетін сөйлеудің үйлесімді дыбыстық гармоника тоны. Отқа дұға еткенде, оның жылдың қай айында, айдың қай күні оқылып отырғандығы ескеріледі. Дұғаның бұл бөлігінде сол айларға және күндерге байланысты қандай тақуаларға арналып айтылуы керек екендігі келтірілген» [5, 206-207 бб.].

Зорастрлық сенімнің бүгінгі күнге

дейін қазақ даласына сіңірілген көріністерінің бірі – жершілдік пен отаншылдық. Бұны тек еліміздің ғалымдары ғана емес, шет елдік ойшылдар да атап көрсетіп жүр. Ол бастапқы отаншылдық пен туған жерді құрмет тұту дәстүрлерін әлемге таратқандығын тұжырымдай келіп: «Ежелгі үнді дәуірі рухани әлемнің қаншама жаңашылдықтарымен де адамзаттың туған жеріне деген сүйіспеншілігін дамыта алмады. Тек кейіннен Заратуштра басшылығымен адам баласы жерге өз Отаны сезімінде қарап, ондағы жұмысты өмірінің мазмұны ретінде сезінуді үйренгендігін айтады» [6, 13 б.].

Осындай туған жерге деген құрмет – «кіндік қаны тамған жер» деген атаумен ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатырған, мыңдаған жылдардан бері сабақтасқан қастерлілікті білдіретін дәстүрден де өтіп, таза өмірмәнділік ақиқат ретінде қабылданып қалған философияға ауысқан. Осыдан «отан» туралы дәстүрлер мен ырым-тиымдар, мақал-мәтелдер, эпостар мен көркем шығармалар тарап, барлығы да «туған жер» идеясын қайталап отырған. Кейбір ойшылдар «Отан» сөзінің шығу тегін де «ОТ-АНА» деп түсіндіреді. Егер бұл сөздің шығу тегі шындығында осылай болатын болса, туған жерге құрметтің бастапқы үлгілері, шындығында да, зорастризм сенімінен қалғандығы ақылға қонымды сияқты.

Зорастризмдік сенімнің тағы бір дәстүрі ол көпшілікке мәлім – Наурыз мерекесі. Бірақ оның діни қырларынан гөрі ғарыштық, астрономиялық жақтары басымдау. Наурыз тек мереке ғана емес, ондағы орындалатын салттар мен ырымдар, дәстүрлер мен ғұрыптар тұтас өз алдына бір жүйе құрайды. Астрономиялық болатын себебі, күн мен түннің теңелуі, жеті түрлі тағамнан дайындалатын наурыз көже, «жеті қат көк» пен «жеті қат жердің» рәмізін белгілеп береді. Немесе, Наурыз жұмбақ деп аталатын жұмбақтарға тоқталсақ: «Үшарқар айдай туып, Күндей батар,

Туғанда шабан сары таң сонда атар.

Аспаннан жұлдыз тарап, шолпан туып,

Таң райы Күнменен манауратар.
Шығыстан Үркер туса егініңді ор
Батса көктен, егісті егетін бол

Қырық күн, қырық түн сол Үркер
көктен безіп,

Жоғалып қараңғыда шегеді жол»
[7, 47 б.] бұнда да алдымен ғылыми
астрономиялық таным жатырғандығын
аңғару қиын емес.

Наурыз уақытты қадір тұту, әрбір
өткен жылды бағалау мен келер жыл-
дан үміт пен жақсылық күту иша-
расынан туған. Байырғы кезде қыс
мезгілі, әсіресе, мал шаруашылығымен
шұғылданатын халыққа ауыр тиген, олар
көктемнің шығуын асыға күткен, бұны
«жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер
шағы» деп атаған. Осы асыға күткен
көктемнің белгісі наурыз күні болатын.
Сондықтан ол қыстан құтылып, көктемге
жеткен сәттегі аса бір қуанышты
жағдайлармен астасып жатыр деп айта
аламыз. Бұны «көктем қуанышы» деп
бөліп көрсетуімізге болады.

Наурыз кезінде, халық бір-бірімен
құшақтасып көрісіп, бір-біріне алауыз-
дығын жойып, кешіріммен қарап,
қайтадан өзара теңесетін болған. Күн
мен түннің теңелуі, жердегі адамдардың
өзара теңесуін ниеттеген. Ол күні көп-
теген әлеуметтік ниеттер өзара теңескен.

Демек, бұл күн «Ұлыстың ұлы күні» деп
аталғандықтан, рухани тазару мен жаңару
күні, шабыт пен қуаныш, жігер мен шаттық,
теңдік пен әділеттілік ретінде өмірдің түпкі
мағынасын қай-тадан ашып берген және
теңдік идеясын жыл сайын қайталап еске
түсіріп отыруға жәрдемдескен. Осыған
байланысты Б.Өтешова ұлттық болмыс
тұрғысынан Наурыз мерекесіндегі әлеу-
меттік тазаруды тәрбиелік тазарумен
ұштастырады [8, 25 б.].

Наурыз мерекесінің тағы бір мисти-
калық-дәстүрлік және дүние-танымдық
көрінісі – елді аралайтын Қызыр ата.
Ол кей рәсімдерде наурыздың 22-іне
қараған түнде келеді десе, кейбір салт-
тарда елді аралайтын жақсылықтың ны-
шаны болып табылады. Ол пайғамбар
да, кәдімгі адам да, әулие, не данышпан
да емес, періште тәріздес тазалық пен
пәктіктің, рухани шапағат пен нұрдың
бейнесі тұрпатты адамдық қасиеті бар

жан иесі түріндегі елестік белгі сияқты.

Осы Қызыр атаның бүгінгі дәстүр-
леріміздегі белгісінің бірі ол наурыз түні
әр үйге келіп аралап, оларға жақсылық
сыйлағандықтан, үйдің есігін ашып қою ке-
рек деген ұғым бар. Ол аппақ киімді қария
түрінде бейнеленеді. Қызыр, кей атаулар-
да Қыдыр түрінде айтылған, бұл кейіпкер
осы наурыз мерекесінен бері сақталып
қалған образ. Сондықтан халықтың
түсінігіндегі осы Қызыр ата ешқашан
жамандық алып келмейді, құт-берекенің
иесі болып есептеледі. Ол атпен немесе
белгілі бір көлікпен келеді деген түсінік
жоқ, көп жағдайда жаяу жүріп ел кезеді
деген ұғым басымдықта қалыптасып
қалған. Бұл ислам дінінде Қыдыр түні
ретінде құрметтелетін дәстүрге айналып
кеткен. Бірақ исламда ол періште типтеc
кейіпкер емес, сол түннің қасиеттілігінің
сенімді кепілі болып табылады.

Сондықтан Қызыр ата мен Қадыр түні
өзінше бір үндестік құраған, бүгінгі күнгі
наным да осы екі кейіпкерді біріктіруден
туған күрделі сенімдік жүйе болып табы-
лады.

Наурыз қуанышты мереке болған-
дықтан, онда әр түрлі ұлттық ойындар
ойналады, көңіл көтеріледі, жас пен жас,
кәрі мен кәрі қауышады, қайта достаса-
ды, бейне бір кешірімділік пен достық
қайтадан орнайды. Мысалы, наурыз
күні ұнатқан ғашықтар бір-біріне деген
сезімдерімен бөліскен. Бұл да, жоғары-
да атап өткендей, әлемдегі қарама-
қарсылықтың бірігуі мен бірлігін білдіре
алады. Сондықтан, зорастримдік қара-
ма-қарсылық тұрмыстық жұптық өмірге
жетелейтін күн ретінде де тағайындалған
деп айта аламыз.

Наурыз мерекесіне қатысты еліміздің
әсіресе, батыс өңірінде кездесетін тағы
бір салт, жоғарыда атап өткеніміздей
– көрісу деп аталады. Көрісу – дене
қимылында бір-бірімен құшақтасып,
кезектестіріп қолын айқастырып қайта-
дан құшақтасады, немесе көрісушілер екі
қолын қатар ұсынып амандасады да: «Бір
жасыңмен» деп бірін-бірі құттықтайды.
Себебі, жыл басы саналған наурызда
әрбір адам өзіне бір жас қосады. Ол
14-15 наурызда, кей кезде сол 22 на-
урыз күні жүзеге асырылады. Бұның

мәні байырғы көшпелі жұрт қыс бойы бірін-бірі көрмегендіктен, жаз жайлауға шыққанда қыстан аман шықандығына шауанып, сол жылы бір-бірін көргендігіне шаттанып, амандық саулық сұрасудың қауышқан түрі болып саналады. Бұнда тек физикалық қана емес, ішкі рухани-психологиялық ниет пен бауырмалдық идеясы жатыр. Көрісудің сол наурыз кезінде орындалатындығына қарап, оны байырғы зорастринизм сарқыншағы деп те топтай салуға болар еді. Бірақ көрісу наурызды тойлайтын басқа халықтарда, еліміздің шығыс, оңтүстік өңірлерінде кездесе бермейді. Сондықтан, ол да наурыз мейрамына сәйкестендірілген ішкі сезімдік толғынастан туған қауышудың бір түрі, қай діни сенімнен ауысқандығы да анығырақ емес.

Бұның басқа бір дәстүрлі қыры «Ауыл қыдыру, сәлем беру» деп аталады екен: «Наурыз мейрамының тағы бір қыры ол ауыл адамдарының ауыл қыдыруы, жасы үлкендерге сәлем беру салты болмақ. Наурыз мерекесі ертеде 3-9 күн тойланатындықтан жаңа жылды от басында, үй-іші жанұя мүшелерімен бірген қарсы алатын сенім-наным болған. Себебі жаңа жыл күнінде үйінде болмаса тентіреп жүреді деген сөз наным болған» [3, 28 б.].

Бүгінгі күні де шындығында, наурыз күні және христиандық 31 желтоқсан сағат 12-дегі жаңа жылда үйінде қарсы алу дәстүрі сақталып отыр. Әрбір жанұя сол күнгі түнді өзінің үйінде қарсы алып, одан кейін ғана басқа жақтарға шығуға болады деген ырым жойылған жоқ, бірақ нақтырақ емес, еміс-еміс сақталған, кей жерлерде бұған мән де берілмейтіндігі тағы рас. Зерттеушінің сөзін әрі қарай жалғасақ: «Сол үшін наурыздың бір жақасынан кейін, ауыл адамдары ағайын, туыс ауылын қыдырып, жасы үлкен ақсақалдар, ақ жаулықты аналар, аға-жеңгелер, бауыр-келіндерге жүздесіп, сәлемдесіп, жаңа жылға жақсылық тілеп, барған ауылына тәңірдің жарылқауын тілейтін болған. Бұлай қыдырғанда ауыл адамдары таза асыл киімдерін киіп, сәнді ер тоқым, ат әбзелдерімен, болса жүйрік, жорғалармен қыдыратын болған. Өзара

сый-сияпат көрсетіліп, бір-біріне сый да беретін болған» [3, 28 б.].

Өйткені, бүгінгі таңда да Наурыз мерекесін Зорастринизм сенімінің сарқыншақтары сақталған түркі халықтарынан басқа Иранда, Венгрияда т.б. да тойланып келетіндігі біздің идеяларымызды қуаттай түседі.

Қорытынды

1. Халқымыздың сан мыңдаған жылдар бойғы қалыптасқан, жүйеленген ұстанымдары өмірлік тәжірибе мен бүгінгі күнге дейін сабақтасқан тарихи шындық болып табылады. Осыған байланысты әрбір салттың, дәстүрдің, ырым-тиымдардың шығу себебін меңгеру, зерделеу қажеттігі де кезек күттірмейтін іргелі түйткіл болатын. Біз тек діни тұрпатты болып келетін үлгілерін ғана басшылыққа алды. Бұл мәселе де негізінен барынша күрделі. Себебі, ұмыт болған дәстүрлер, олардың шығу тегінің белгісіздігі көптеген кедергілер келтіреді.

2. Зерттеулеріміздегі Зорастринизм сенімінің сарқыншақтары нысанаға алынғанмен, кейбір зерттеушілердің, тарихшылардың көзқарасы бойынша көне замандарда қазақ даласында христиандық, буддизм, манихейлік, мәжусилік сияқты көптеген діндер орын алғандығын, байырғы ата-бабаларымыз оларды ұстанғандығын топшылауы дұрыс та шығар. Бірақ біз ең басты деген сенімдерді назарда ұстадық. Елеусіздеу, аз-мұз кездесетін элементтерді нысанаға алған жоқпыз.

Әдебиеттер тізімі

1 Ғабитов Т.Ғ. Рухани мұраны зерттеудің әдіснамалық мәселелері // Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. – Алматы: СаҒа, 2007. – 560 б.

2 Аташ Б. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың қазақ руханиятын қалыптастырудағы маңызы мен ролі // Қазақ халқы руханияты қалыптасуы мен дамуының тарихи-философиялық және этномәдени негіздері. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ, 2012. – 413 б.

3 Кәмалашұлы Б. Қазақ халқының дәстүрлі той-мереке, сауық-сайран, ұлттық ойын, тамашалары. – Алматы: Өнер, 2005. – 96 б.

4 Кәмалашұлы Б. Қазақ халқының туыс-

туғандық жүйесі, ұрпақ өсіру, тәрбиелеу дәстүрі, үйлену ғұрыптары. – Алматы: Өнер, 2005. – 128 б.

5 Оспанов С. Арғытектану негіздері: тәңірлік пен жаратушылық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424 б.

6 Хуземан Фридрих. Об образе и смысле смерти. – Москва: Энигма, 1997. – 144 с.

7 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2000. – 136 б.

8 Өтешова Б. Қ. Тәрбие жұмысында ұлттық болмыс ұғымдарын жандандыру. Оқу құралы. – Алматы, 2007. – 114 б.

BGM GK FzhSI, 2012. – 413 b. (in Kaz)

3 Kamalashuly B. Qazaq halqynyn dasturli toj-mereke, sauyq-sajran, ulttyq ojyn, tamashalary [Traditional feasts, entertainments, national games, spectacles of the Kazakh people]. – Алматы: Oner, 2005. – 96 b. (in Kaz)

4 Kamalashuly B. Qazaq halqynyn tuys-tugandyq zhujesi, urpaq osiru, tarbieleu dasturi, ujlenу guryptary [Kinship system of the Kazakh people, traditions of breeding and upbringing, wedding rituals]. – Алматы: Oner, 2005. – 128 b. (in Kaz)

5 Ospanov S. Argytektanu negizderi: tanirlik пен zharatushylyq ilimdi zertteudin gylymi-praktikalyq maseleleri [Fundamentals of archeology: scientific and practical problems of studying the doctrine of divinity and creation]. – Алматы: Arys, 2009. – 424 b. (in Kaz)

6 Huzeman Fridrih. Ob obraze i smysle smerti [About the image and meaning of death]. – Москва: Enigma, 1997. – 144 s. (in Russ)

7 Kenzheahmetuly S. Zheti qazyna [Seven treasures]. – Алматы: Ana tili, 2000. – 136 b. (in Kaz)

8 Oteshova B. Q. Tarbie zhумысында ulttyq bolmys ugymdaryn zhandandyru [Revival of concepts of national identity in educational work]. Oqu quraly. – Алматы, 2007. – 114 b. (in Kaz)

Transliteration

1 Gabitov T.G. Ruhani murany zertteudin adisnamalyq maseleleri [Methodological problems of the study of spiritual heritage] // Qazirgi zamangy ruhanilyq maselesi. – Алматы: SaGa, 2007. – 560 b. (in Kaz)

2 Atash B. Salt-dastur men adet-guryptyn qazaq ruhanijaty qalyptastyrudagy manyzy men roli [The importance and role of traditions and customs in the formation of Kazakh spirituality] // Qazaq halqy ruhanijaty qalyptasuy men damuynyn tarihi-filosofijalyq zhәне jetnomadeni negizderi. – Алматы: QR

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Жамбыл Ерғараұлы Мырзабеков

доцент, PhD, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз, Қазақстан, Jambui_78@mail.ru, ORCID 0000-0003-4141-0279

Джамбул Ергараевич Мырзабеков

доцент, PhD, Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Муртазы, Тараз, Казахстан, Jambui_78@mail.ru, ORCID 0000-0003-4141-0279

Zhambul Myrzabekov

Associate Professor, PhD, International Taraz Innovative Institute named after Sherhan Murtaza, Taraz, Kazakhstan, Jambui_78@mail.ru, ORCID 0000-0003-4141-0279